

**6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 Усенова Малика Эрмухамматовнаның  
 «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған  
 бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту»  
 тақырыбында дайындалған диссертациясына  
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/ н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламалаға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Усенова Малика Эрмухамматовнаның «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігі білім туралы заңда, мүмкүндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-медициналық педагогикалық түзеуде қолдау туралы заңдарда белгіленген процестер шеңберінде расталған. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес дайындалған. Диссертациялық зерттеу жұмысы 6D010500-«Дефектология» мамандығы бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік нәтижелері ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, сондай-ақ оның маңыздылығы толықтай ашылған. Ізденуші М.Э. Усенова отандық және шетелдік

			ғалым, зерттеушілер еңбектерін жан-жақты талдау арқылы заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Зерттеу мәселесі бойынша әзірленген ғылыми-практикалық модель мен оны жүзеге асыру зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	3.1.Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант М.Э.Усенованың диссертациялық жұмысы өз бетімен дербес түсінікті ғылыми тілмен жазылған жұмыс. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған деп, батыл айта аламын. Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертацияның мазмұнының баяндалуындағы бірізділік пен тығыз байланыстары дәлел бола алады. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары кезінде дамытудың теориясы мен практикасы қарастырылған көптеген Қазақстандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдар еңбегіне терең талдау жасау барысында да өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, өзіндік оймен қорытындылаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша әдебиеттерге жасалған талдау заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту тақырыбындағы зерттеу жұмыстарының жеткіліксіз екендігін көрсеткен. Яғни есту

			<p>қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту мәселесі, оның әдіснамалық негіздерін айқындау, моделін жасау, педагогикалық шарттарын, формалары мен әдістерін айқындау диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздейді. Сонымен қатар ұсынылып отырған зерттеу жұмысы есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту бағытындағы алғашқы жұмыстардың бірі, сол себепті теориялық және тәжірибелік тұрғыда жұмыстың өзектілігі айқын.</p>
		<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Докторант М.Э. Усенованың диссертациялық жұмысының мазмұны «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» атты зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i>. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, ғылыми практикалық моделі ұсынылып, оның компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталып мәселенің теориялық негіздері айқындалса, екінші тарауда есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін зерттеу әдістері сипатталады. Жұмыстың үшінші тарауында эксперименттің нәтижелерінің деңгейі анықталып, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың вариативті бағдарламасы ұсынылған.</p>

			<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертацияның тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына <i>сәйкес келеді</i> және зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Диссертациялық жұмыста зерттеуші төрт міндетті айқындап, шешімін таба білген. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына <i>сәйкес келеді</i>. Диссертант зерттеу жұмысында заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарының маңыздылығы тұрғысынан «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» ұғымының маңызды сипаттамасын негіздеу, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігінің мазмұнды компоненттерін (орындаушылық, бастамашылдық, жауапкершілік) эксперименталды түрде зерттеу; белсенділіктің олардың жеке даму деңгейімен байланысын орнату, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында педагогикалық жағдайлар мен белсенділіктің даму ерекшеліктерін анықтау, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары негізінде естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту бойынша вариативтік бағдарламаны әзірлеу және тексеру делінген 4 міндет</p>

			<p>арқылы мақсатына ұтымды қол жеткізген. Ал, зерттеу жұмысының мақсаты: есту қабілеті зақымдалған 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында дамытуды теориялық негіздеу, ғылыми-тәжірибелік моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексерумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) <u>толық байланысқан</u>;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <i>толық байланысқан</i>. Оған дәлел зерттеу жұмысының 3 тараудан, 11 бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан, 11 суреттен және 36 кестеден тұратындығы. Бұл бөлімдердің барлығы диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы аясында әзірленген. Зерттеу тақырыбы, әдіснамалық негіздері, бөлімдері мен тармақтарының арасындағы байланыстары және сәйкестіктері диссертациялық жұмыс мазмұнының біртұтас жүйелі сипатын ашады.</p>
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  1) <u>сыни талдау бар</u>;  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>М.Э. Усенова зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді толығымен <i>сыни талдай алған</i>. Автордың жұмыстағы келтіретін ой-пікірлері мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Алынған нәтижелер диссертациялық жұмыстың негізгі әдіснамалық ұстанымдарды дұрыс таңдауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына сәйкес келетін бірін-бірі толықтыратын зерттеу әдістерін қолданғандығын көрсетеді. Усенова Малика Эрмухамматовнаның диссертациялық зерттеу</p>

			жұмысындағы ғылыми жаңалықтар, қағидаттар, әдістер негізделіп, жан-жақты талдау арқылы <i>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып мазмұндалған.</i>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Себебі, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа болуымен</i> ерекшеленеді. Нақтылайтын болсақ:</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> есту қабілеті зақымдалған оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту процесін ұйымдастырудың әдіснамасын, құндылық негіздері мен принциптерін, естімейтіндерді әлеуметтендірудің әлеуметтік-мәдени теориясының жүйелік тұжырымдамасын қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау негізінде заттық-тәжірибелік оқыту маңыздылығы тұрғысынан негізделген «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» анықтамасы берілетіндігімен айқындалған.</p> <p><i>Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында бастамашылық, орындаушылық пен жауапкершілікте көрінетін әлеуметтік білімнің, бағалау мен тәжірибенің тұтас жүйесі ретінде сипаттайтын заманауи шетелдік және отандық тұжырымдамаларды анықтаумен сипатталған.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделін әзірлеумен шарттанған. Диагностикалық, мотивациялық-мақсатты, қалыптастырушы және бағалау компоненттерін қамтитын әзірленген</p>

		<p>модель ұйымдасқан заттық-тәжірибелік оқыту жағдайында элеуметтік белсенділіктің (орындаушылық, бастамашылық, жауапкершілік) мазмұндық көрсеткіштерінің жас ерекшеліктерін, сапалық көріністерін есепке алуды көздейді.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> «Білім беру ғылымындағы соңғы тенденциялар» 31 қаңтар 2022 ж., «Ғылым әлемі» ҒБО (Башқұртстан Республикасы, Нефтекамск қ.) Халықаралық ғылыми конференциясында зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізе отырып, есту қабілеті зақымдалған балалардың элеуметтік белсенділігінің тиімді элеуметтенуін және дамуын қамтамасыз ететін заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін бастауыш сынып оқушыларының элеуметтік белсенділігін дамыту жөніндегі вариативтік бағдарламаның әзірленуімен, естімейтін бастауыш сынып оқушыларының элеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделін сынақтан өткізу процесінде оң нәтижелерге қол жеткізуімен расталады.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Диссертант М.Э.Усенованың «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының элеуметтік белсенділігін дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша арнайы жүргізілген зерттеу барысында дайындалған әдіснамалық-теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыста қол жеткізген нәтижелері төмендегідей қорытындыланған: Есту қабілеті зақымдалған 1-2 сынып оқушыларының элеуметтік белсенділігін заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында дамытуды теориялық негіздерін қарастыру</p>

			мақсатында отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне жан-жақты талдау жасаған. Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі әзірленген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <i>толығымен жаңа</i> . Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Өзіндік авторлық шешімдері нақты, жүйелі берілгендіктен мәселені шешу жолдары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеу жұмысындағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әр түрлі ғылымдар саласындағы ой тұжырымдарды саралаумен негізделген. Зерттеу жұмысындағы нәтижелердің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған, негізгі нәтижелері 12 ғылыми еңбекте жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ;	Усенова Малика Эрмухамматовнаның диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша ұсынылған қағидаттар теориялық әдістемелік және практикалық зерттеу барысында <i>дәлелденген</i> .



		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ	<i>Тривиалды емес, себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр.</i>
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ	Докторант М.Э. Усенованың диссертациялық зерттеу жұмысының әрбір қағидасы <i>жаңа болып табылады</i> . Себебі, төрт міндет бойынша алынған нәтижелер қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденген.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Диссертациялық жұмыста зерттеу пәні бойынша жаңа білім ұсынылады, қолданылу деңгейі <i>кең</i> болып табылады.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұнын диссертант тарапынан жазылған ғылыми басылымдарға жарыққа шыққан мақалалардан көруімізге болады. Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі қағидалары 12 ғылыми <i>мақалада дәлелденген</i> . Оның ішінде Scopus мәліметтер базасында 2 мақала, ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала жарияланған. Сонымен қатар алыс шет елдерде және Қазақстан Республикасында өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 6 мақала жарық көрген. Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны Қазақстан

			Республикасының басқа да журналдарында 1 мақалалардың жарыққы шығуымен сипатталған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы-негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыста келтірілген әдістемелердің сенімділігі мен нақтылығы зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен; зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен; зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің және эксперименттік мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімімен дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	М.Э. Усенованың «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» атты диссертациясындағы тәжірибелік-эксперимент жұмысы (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау экспериментті) 2019-2021 оқу жылында Алматы қ. «Есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп интернаты», Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасының

		<p>эксперимент негізінде дәлелденеді):  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>«құлағы нашар еститін балалар үшін Ленгр қосалқы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген. Айқындаушы эксперименттік зерттеуге есту қабілеті зақымдалған 144 бастауыш сынып оқушылары, ал қалыптастырушы экспериментке 1-2 сыныптың 36 естімейтін оқушыларының қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді. Ізденушінің зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелері теориялық және тәжірибелік тұрғыда <i>дәлелденген</i>.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған/ішінара расталған/расталмаған</u></p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында автор тарапынан тұжырымдалған маңызды мәлімдемелер зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығы көп ғылыми саладағы сенімді әдебиеттердің талдануымен және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалынған сілтемелермен <i>расталған</i>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <i>жеткілікті</i>. Жұмысты жазу барысында диссертант 176 отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасаған.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар, өйткені:  - Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары маңыздылығы тұрғысынан «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» кеңейтілген мазмұнына маңызды сипаттамасы негізделген;  - Естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігінің (орындаушылық, бастамашылдық, жауапкершілік) мазмұндық компоненттерінің қалыптасуы анықталған;</p>

			<p>- Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың педагогикалық шарттары мен ерекшеліктері анықталған;</p> <p>- Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделін әзірлеу докторант М.Э.Усенованың зерттеу жұмысының теориялық құндылығының жоғары екендігін дәлелдейді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы жоғары. Себебі, зерттеудің алынған нәтижелерін білім беру процесінің субъектілері жалпы білім беретін мектептерде және есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде бейімделген бағдарламаларды жүзеге асыру үшін пайдалана алады. Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары негізінде естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту бойынша вариативтік бағдарламасы әзірленген, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Усенова Малика Эрмухамматовна өз зерттеу жұмысын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес жазған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының ресімделуі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жазу сапасы жоғары.
-----	---------------------------	--	--

Тақырыптың өзектілігі, әдістемелік деңгейі жаңалығы және нәтижелерінің практикалық маңыздылығы бойынша М.Э. Усенованың 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Төмендегі ескертулер мен ұсыныстарды айтқымыз келеді:

- Диссертациялық жұмыста жалпы саны 36 кестеден тұрады, сол кестелердің орнына сызба нұсқа ретінде көрсетілсе зерттеу жұмысының құндылығы арта түсетін еді.

- Жұмыста әдебиеттер тізіміне сілтеме жасау кезінде стилистикалық қателіктер мен кемшіліктер кездеседі.

Осы ескертулер мен ұсыныстарға қарамастан диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеуде өзінің құндылығын жоғалтпайды, қорғауға кеңес беремін.

**Шешім:** Усенова Малика Эрмухамматовнаның 6D010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,**

**Педагогика және психология институты,**

**PhD, қауымдастырылған профессор м.а.,**

**«Арнайы педагогика» білім беру**

**бағдарламасының көшбасшысы:**

  
HR қызметі  
HR служба

**Б.М. Мажинов**

Қолы  
Подпись   
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі  
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба